



Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының «2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 482-бабының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» 2023 жылғы 25 қыркүйектегі № 29-НҚ нормативтік қаулысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төраға Ә.Ә.Азимова, судьялар Б.М.Нұрмұханов, Қ.Т.Жақыпбаев, А.К.Қылдырбаева, Қ.С.Мусин, Е.Ә.Оңғарбаев, Р.А.Подопригора, және С.Ф.Улариев қатысқан құрамда,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі – Бас Прокурордың кеңесшісі Т.Б.Адамовтың,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі – вице-министр Б.Ш.Жакселекованың,

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өкілі – Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті төрағасының орынбасары М.А.Аюбаевтың,

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілі – Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Заңнаманы талдау және ұлттық алдын алу тетігі бөлімінің меңгерушісі С.Ж.Сейтжановтың,

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Аппаратының өкілі – Заңнама бөлімінің сектор меңгерушісі Ә.М.Рахмиеваның,

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының өкілі – Заңнама бөлімі меңгерушісінің орынбасары Н.А.Сартаеваның,

Республикалық адвокаттар алқасының өкілі – А.А.Нұрсева-ның қатысуымен,

өзінің ашық отырысында В.Д. Щербентовскийдің 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 482-бабының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтінішінің қарады.

Баяндамашы – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы Қ.С.Мусинді және отырысқа қатысушы-ларды тыңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зер-делеп, Қазақстан Республикасының заңнамасына талдау жасай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына (бұдан әрі – Конституциялық Сот) ҚПК-нің 482-бабының Қазақстан Республикасының Конституциясына (бұдан әрі – Конституция) сәйкестігін қарау туралы өтініш келіп түсті.

Өтініштен адвокат А.Т. Темірғалиның өтініш беруші Астана қаласының № 2 Есіл аудандық сотының 2018 жылғы 2 ақпандағы үкімімен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің АП-162/3 мекемесінде жазасын өтеп жүрген кезеңде оған құқықтық көмек көрсету шеңберінде Павлодар қаласының № 2 сотына ҚПК-нің 476-бабының тәртібімен «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі» РММ-нің әрекетсіздігіне жалпы келтіргенін түсінуге болды.

Павлодар қаласы № 2 сотының 2022 жылғы 13 желтоқ-сандағы қаулысымен адвокаттың шағымы тиісті емес адамның шағым беруіне байланысты қараусыз қалдырылған, өйткені үкімді орындау тәртібімен шағым келтіруге сотталған адам-ның ғана құқығы бар.

Павлодар облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 4 қаңтардағы қаулысымен Павлодар қаласы № 2 сотының қаулысы өзгеріссіз қалдырылған.

Өтініш авторының пікірінше, дау айтылып отырған норманың ережесі азаматты «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Респу-бликасының Заңында (бұдан әрі – Адвокаттық қызмет туралы заң, Заң) көзделген білікті заң көмегі түрлерінің бірін алу құқығынан айырады, оған шағымға заңда көзделмеген жеке өзінің көп қою және оны сотқа беру міндетін жүктей отырып, адвокаттың Заңда бекітілген осындай құқынан айырады, сотталған азаматтардың Конституцияда кепілдік берілген білікті заң көмегіне көп жеткізуіне қосымша және еңсерілмейтін кедергілер тудызады.

Конституциялық Сот ҚПК-нің 482-бабы төрт бөліктен тұратынына назар аударды. Өтініш беруші дау айтып отырған, шағым келтіру құқығы берілген субъектіні айқындайтын норма көрсетілген баптың бірінші бөлігінің бірінші сөйлемінде жазылған. Кейінгі бөліктерінде соттың сотталған адамдардың жазаны орындайтын мекеменің немесе органның өз құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне, сондай-ақ прокурор-дың үкімді орындауға байланысты мәселелер жөніндегі шешімдеріне не прокурордың осыған ұқсас шағымдарды қанағаттандырудан бас тартуына шағымдарын қарау тәртібі реттеледі.

Өтініш берушінің ҚПК-нің 482-бабының сотталған-дардың шағымдарын сотта қараудың процестік тәртібін белгілейтін ережелерінің Конституцияға сәйкестігін тексеру мәселесін қоймайтынын ескере отырып, Конституциялық Сот «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) 50-бабының 2-тармағына сәйкес ҚПК-нің 482-бабының конституциялылығын өтініште көрсетілген норма бекітілген бірінші бөлігінде ғана тексерді.

ҚПК-нің дау айтылып отырған нормасының конститу-ция-лығы мәселесін қарау кезінде Конституциялық Сот мына-ларды негізге алды.

1. Конституцияның 13-бабының 2-тармағына сәйкес әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар.

ҚПК-нің 482-бабының бірінші бөлігіне сәйкес соттал-ған адамның жазаны орындайтын мекеменің немесе органның өз құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) *(орыс тіліндегі редакцияда: және шешімдеріне)* сондай-ақ прокурордың үкімді орындауға байланысты мәселелер жөніндегі шешімдеріне не прокурордың осыған ұқсас шағымдарды қанағаттандырудан бас тартуына сотқа шағым жасауға құқығы бар.

Конституцияның 12-бабының 2-тармағына сәйкес адамның құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды.

Конституциялық Кеңес «адамның аталған құқығы мен бостандығын абсолютті деп тауу олардың Қазақстан Респу-бликасының аумағында тұратын әр адамға, оның Республика азаматы болуы-болмауына қарамастан, қолданылады дегенді

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» 2023 жылғы 25 қыркүйектегі №30-НҚ нормативтік қаулысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төраға Э.Ә.Азимова, судьялар А.К.Ескендіров, Қ.Т.Жақыпбаев, А.Е. Жатқанбаева, А.К. Қылдырбаева, Б.М. Нұрмұханов, Е.Ә.Оңғарбаев, Р.А.Подопригора, Е.Ж.Сәрсембаев және С.Ф.Улариев қатысқан құрамда,

өтініш субъектісі Б.А.Асылғазиевтің,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі – Бас Прокурордың кеңесшісі Т.Б.Адамовтың,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі – вице-министр А.Қ.Мұқанованың,

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің өкілі – вице-министр В.Ю.Дудниктің,

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілі – вице-министр Е.Д.Оспановтың,

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің өкілі – вице-министр М.Т. Ошұрбаевтың,

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің өкілі – Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаментінің директоры Г.Е.Сергезиннің,

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Аппаратының өкілі – Заңнама бөлімінің сектор меңгерушісі А.К.Бағталаовтың,

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының өкілі – Заңнама бөлімі меңгерушісінің орынбасары Н.А.Сартаеваның,

Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының өкілі – Радиациялық қауіпсіздік және экология институты филиалының директоры А.О.Айдархановтың,

«Семей» медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының өкілі – Радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институты директорының міндетін атқарушы А.М.Тоқаовтың қатысуымен, өзінің ашық отырысында Б.А.Асылғазиевтің «Семей

білдіреді» деп атап өтті (1996 жылғы 28 қазандағы № 6/2 қаулы).

ҚПК-нің 7-бабының 52) тармағына сәйкес үкім – айып-талушының кінәлілігі немесе кінәсіздігі және оған жаза қол-дану немесе қолданбау туралы мәселе бойынша бірінші, апелляциялық сатыдағы сот шығарған сот шешімі. Осы сот актісінің жеке анықтылығы ол жасайтын құқықтық салдар, ең алдымен, мемлекет атынан қылмыстық жазаға тартылатын адам ретінде сотталған адамның өзіне қолданылады, бұл, өз кезегінде, оған тиесілі құқықтар мен бостандықтарды шектейді дегенді көздейді. Осыған байланысты, заң шығару-шының сотталған адамға жазаны орындайтын мекеменің немесе органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешім-деріне, сондай-ақ прокурордың үкімді орындауға байланысты мәселелер жөніндегі шешімдеріне сот арқылы шағым жасау құқығын беруі әр адамға құқықтардың және әркімнің сот арқылы қорғалу құқығының тиесілілігі конституция-лық қағидаттарды тұрғысынан негізді және қисынды түрде туындайды.

2. Әркімге білікті заң көмегін алу құқығына Конституция-ның 13-бабының 3-тармағымен кепілдік беріледі.

Конституцияның нормалары мен ережелерін дамыту үшін ел Парламенті Адвокаттық қызмет туралы заңды қабылдады, бұл заң көмегінің негізгі қағидаттарын, нысандары мен түрлерін белгілейтін заңнамалық акт болып табылады.

Адвокаттық қызметтің де, заң көмегінің де көп қырлылығы ескеріле отырып, Заңның 2-бабында адвокаттық қызмет пен заң көмегін реттейтін нормалар өзге де нормативтік құқықтық актілерде де қамтылуы мүмкін деп белгіленеді. Заңда Қазақ-стан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде заң көмегін көрсетудің ерекшеліктері белгіленуі мүмкін дегенге де жол берілді.

Қаралып отырған жағдайда ҚПК және 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі (бұдан әрі – ҚАК) осындай нормативтік құқықтық акт болып табылады.

Қылмыстық процесте қатысты заң көмегі құқығы ҚПК нормаларының қылмыстық процесті жүргізетін органыды қорғалуға құқығы бар куәға, құдіктіге, айыпталушыға, сот-талушыға, сотталған адамға, ақталған адамға өздерінің қалауы бойынша қорғаушы қызметтерін пайдалану мүмкін-дігін беруге міндеттейтіндігімен, ал белгілі бір жағдайларда қорғаушының қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысу міндеттілігін белгілейтіндігімен қамтамасыз етіледі. ҚПК-де қорғаушының өкілеттігі айқындалады, сондай-ақ қорғау-шыны шақыру, тағайындау, ауыстыру, оның еңбегіне ақы төлеу тәртібі, оның ішінде төлем шығыстары мемлекет есебіне жатқызыла отырып реттеледі.

Жүргізілген талдау көрсеткендей, әркімнің білікті заң көме-гіне құқығын іске асыруға қатысты ҚПК-нің 482-бабының нормалары Конституцияның ережелеріне сәйкес келмейді.

ҚПК-нің Ерекше бөлігінің нормаларына сәйкес қорғаушы-ның қатысуы, оның ішінде міндетті қатысуы сотқа дейінгі іс жүргізу барысында ғана емес, сонымен қатар әртүрлі сатыдағы соттардың қылмыстық істі қарауы кезінде де көзделеді. Атап айтқанда, заңды күшіне енген үкімді қасасаңшылық сатыдағы сотта қайта қарау туралы өтінішталуы келтіруге сотталған адамның ғана емес, оның қорғаушысының да құқығы бар (ҚПК-нің 414 және 486-баптары).

Осыған ұқсас тәсілді заң шығарушы жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуді қозғау туралы өтінішхат беру құқығына қатысты қолданды (ҚПК-нің 502-бабы). Бұл нормалар білікті заң көмегін алуға берілетін конституциялық кепілдікпен үйлеседі, қылмыстық процесс қағидаттарына, Заңда белгіленген заң көмегінің нысандарын мен түрлеріне сәйкес келеді және сотталған адамның қорғалу құқығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен бірге үкімді орындау сатысында қорғаушының сотталған адамның мүддесі үшін өтінішхаттар келтіруге процестік құқығы шектеледі. Мәселен, ҚПК-нің 476-бабында белгіленген, үкімді орындау кезінде соттың қарауына жататын 26 мәселеден тұратын тізбеледі 12 мәселені (2), 4), 5), 7), 9), 11), 13), 15), 16), 17), 19), 20) тармақтар) қарауға – қорғаушысы емес, сотталған адамның өзі ғана және тек бір мәселені (23) тармақ) сотталған адам немесе қорғаушысы бастамашылық ете алады (ҚПК-нің 477-бабы).

ҚПК-нің 482-бабына сәйкес қорғаушыға сотталған адамды қорғау үшін жазаны орындайтын мекеменің немесе органның сотталған адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) *(орыс тіліндегі редак-цияда: және шешімдеріне)*, сондай-ақ прокурордың үкімді орындауға байланысты мәселелер жөніндегі шешімдеріне не прокурордың осыған ұқсас шағымдарды қанағаттандырудан бас тартуына сотқа шағым жасауға өкілеттік берілмейді.

Практикадағы бұл құқықтық оқшылық адвокаттың соттал-ған адам өзіне берген, сенім білдірушінің атынан шағым келтір у өкілеттігін қамтитын сенімхат негізінде сотталған адамның атынан шағым беру арқылы сотталған адамға заң көмегін көрсетуімен толықтырылады.

Сотталған адам көмелетке толмаған болып табылатын және іске оның заңды өкілі қатысатын жағдайларды қоспағанда, ҚПК-де қылмыстық процесте қатысушылар қатарында сот-талған адамның өкілі сияқты процестік фигура көзделмейді. Ең алдымен азаматтық құқыққа тән сенімхат бойынша өкілдік ету институтын қылмыстық процесте қолдану бұл жағдайда сотталған адамның құқықтарын қорғау үшін ҚПК-де арнайы нормалар болмағандықтан адвокат қолданатын мәжбүрлі шара болып табылады.

Конституциялық Сот бұған дейін 2023 жылғы 22 мамырдағы № 16-НҚ нормативтік қаулысында «соттың үкімді орындау сатысындағы қызметі, сот сияқты басқа да сатылардағы қызметі қылмыстық процестің бірінғай қағидаттарына негізделген және қылмыстық сот ісін жүргізудің жалпы мін-деттеріне көп жеткізуге бағытталған» деп түсіндірді.

Қылмыстық процесс қағидаттарының маңыздылығын баса айта отырып, заң шығарушы ҚПК-нің 9-бабында қылмыстық процесте қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін іске асырудың жалпы шарттарын және оның алдында тұрған міндеттердің шешілуін қамтамасыз ететін қылмыстық процес сатыларының, институттары мен нормаларының жүйесі мен мазмұнын айқындайтын іргелі бастаулары қағидаттар болып табылатынын белгіледі. Осы қағидаттарды бұзу іс бойынша жүргізілген іс жүргізуді жарамсыз деп таңуға дейін апаратын елеулі құқықтық салдарға әкеп соғады.

анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына (бұдан әрі – Конституциялық Сот) Заңның 13-бабының Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабына сәйкестігін қарау туралы өтініш келіп түсті.

Аталған бапта ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен және радиоактивті шөгінділердің әсеріне ұшыраған аумақтарда тұратын азаматтарды зейінатқима үстемасқа, еңбекке қосымша ақы және ақы төленетін қосымша демалыс түрінде әлеуметтік қолдау шаралары көзделді.

Өтініш субъектісі бұрын осындай аумақтардың бірінде тұрған және сынақтардың салдарынан зардап шеккен адам бо-лып табылады, бұл өзіне берілген куәлікпен расталады. Қазіргі уақытта ол аталған аумақта тұрмайды.

Өтініш беруші Заңның 13-бабы Конституцияның заң мен

Заң шығарушы қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау (ҚПК-нің 15-бабы), сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы негізінде жүзеге асыру (ҚПК-нің 23-бабы), білікті заң көмегі құқығын қамтамасыз ету (ҚПК-нің 27-бабы) туралы принципті ере-желерді таныды.

Осыған байланысты сотталған адам үкім заңды күшіне енгеннен кейін қылмыстық процестің әртүрлі сатылары шеңберінде алуына болатын білікті заң көмегінің көлеміне қозқарастардағы мұндай саралауға объективті және ақылға қонымды негіздеме жоқ, қылмыстық процесс қағидаттарына сәйкес келмейді, Республиканың басқа да заңдарына қайшы келеді және Конституциямен кепілдік берілген білікті заң көмегін алу құқығын бұзуға алғышарттар жасайды.

Мәселен, Заңның 15-бабының 3) тармақшасында осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін соттарда, қылмыстық қудалау орган-дарында, өзге де мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдарда қорғау және білдіру заң көмегі түрлерінің бірі болып табылады деп белгіленеді.

Заңның 33-бабы 3-тармағының 1) және 7) тармақшаларында заң шығарушы адвокатқа заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қызаретіне тиісті мәселелерді шешу кіретін барлық соттарда, мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда қорғау және білдіру, мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдарының, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің көмек сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтарына және заңмен қорғалатын мүд-делеріне нұқсан келтіретін шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) өтінішталуға мәлімдеу, белгіленген тәртіппен шағымдар келтіру құқығын береді.

Осы бөлікте ҚПК және ҚАК нормалары арасында қайшы-лықтардың бар екенін де атап өту қажет. Мәселен, ҚАК-тің 10-бабы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында сотталған адамға білікті заң көмегін консультациялар, анықтамалар, құқықтық сипаттағы құжаттарды, оның ішінде үкімдерді орындау барысында ұсынылатын құжаттарды жасау түрінде ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өзге де түрде алуға кепілдік беріледі. Демек, жоғарыда аталған заң көмегінің түрі – қорғау және өкілдік ету – сотталған адамға үкімді орындау кезеңінде өз құқықтарын қорғау үшін қолжетпейді болуға тиіс.

Конституциялық Кеңес Республика Парламенті заң көмегін көрсету жүйесін құқықтық реттеудің нақты модельдерін айқындауға құқылы екенін айта отырып, ҚАК-тің аталған нормасын Конституцияға сәйкес келеді деп таныды (2021 жылғы 4 маусымдағы № 1 нормативтік қаулы). Консти-туциялық Кеңес көрсетілген нормативтік қаулысында атап өткендей, білікті заң көмегін алу құқығы әрбір адамның өзі заңдық маңызды бар әрекеттер жасаған кезде жоғары білікті заңгерлердің кәсіби көмегін пайдалану мүмкіндігін көздейді.

Адамның құқықтары мен бостандықтары Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы болып табылады. Заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің маз-мұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады. Бұл ретте әркімнің білікті заң көмегін алу құқығы ешбір жағдайда шек-телуге жатпайды (Конституцияның 1-бабының 1-тармағы, 12-бабының 2-тармағы, 39-бабының 3-тармағы).

Көрсетілген конституциялық ереже мәнағатпенде Консти-туциялық Сот, Адвокаттық қызмет туралы заңды қоспағанда, басқа нормативтік құқықтық актілерде заң көмегін көрсету ерекшелігін белгілеу құқықтық процестің ерекшелігі ескеріле отырып, осындай көмек көрсететін адамдардың қызметі үшін ерекше жағдайлардың жасалуын білдіруі мүмкін, бірақ заң көмегінің көлемін, түрлері мен тәсілдері қысқартылуға тиіс деп есептейді.

Сотталған адамның үкімді орындау сатысында өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін шағым беру бөлігінде адвокаттың қызметтерін пайдалану мүмкіндігінің болмауы қылмыстық процестің ерекшелігі ретінде есептелмейді, өйткені ол Конституциямен кепілдік берілген және Республи-каның басқа да заңдарында белгіленген заң көмегінің көлемін едәуір шектейді.

Осыған байланысты Конституциялық Сот жазаны орын-дайтын мекеменің немесе органның әрекетіне (әрекетсіздігіне) және шешіміне шағым жасау құқығының сотталған адамға тиесілі болуы оның Адвокаттық қызмет туралы заңда белгіленген тәртіппен заң көмегін алу және қорғалу құқығын жоққа шығармайды деп пайымдайды.

3. «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес Рес-публика коллекстерінің заңдармен салыстырғанда заңдық күші анағұрлым жоғары болады. Қалыптасқан жағдай құқық қолданушыларға қайшы келетін ҚПК нормаларын ескермей, Адвокаттық қызмет туралы заңның нормаларын тікелей басшылыққа алуға мүмкіндік бермейді.

Негізгі Заңның 4-бабының 2-тармағына сәйкес Конституция-ның ең жоғары заңды күші бар және Республикасының бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады, ал еліміздің барлық заңдары оған сәйкестендірілуге тиіс. Демек, ҚПК-нің 482-бабы бірінші бөлігінің Конституцияға қайшы келетін нор-малары заңнамаға тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін қол-данылмауға тиіс, ал заң көмегін көрсету кезінде Консти-туцияның және Адвокаттық қызмет туралы заңның тиісті нормаларын басшылыққа алу қажет.

4. ҚПК-нің 482-бабын тексеру кезінде Конституциялық Сот оның қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің сәйкес келмеуін де анықтады.

ҚПК-нің 482-бабы бірінші бөлігінің бірінші сөйлемі мемлекеттік тілде мынадай редакцияда жазылған: «Сотталған адам жазаны орындайтын мекеменің немесе органның өз құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ прокурордың үкімді орындауға байланысты мәселелер жөніндегі шешімдеріне не прокурордың осыған ұқсас шағымдарды қанағаттандырудан бас тартуына сотқа шағым жасауға құқылы».

Осы сөйлем орыс тілінде мынадай редакцияда жазылған: «Осужденный вправе обжаловать в суд решения (бездействие) и решения учреждения или органа, исполняющих наказание, затрагивающие их права и законные интересы, а также решения прокурора по вопросам, связанным с исполнением

приговора, либо отказ прокурора в удовлетворении их аналогичных жалоб»..

ҚПК-нің 482-бабы бірінші бөлігі бірінші сөйлемінің қазақ тіліндегі редакциясында «заңды мүдделерін қозғайтын әрекеттеріне (әрекетсіздігіне)» деген сөздерден кейін «және шешімдеріне» деген сөздер жоқ. Осылайша, осы редакцияға сәйкес сотталған адам жазаны орындайтын мекеменің немесе органның өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасай алады, бірақ осы мекемелердің немесе органдардың шешімдеріне шағым жасауға құқығы жоқ. Орыс тіліндегі редакцияда сотталған адамның мұндай құқығы көзделген.

Конституциялық бақылау органы бұған дейін «қазақ және орыс тілдерін тең қолдану қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің заңдық маңызы тең екенін білдіреді», сондай-ақ «құқықтық норманың мазмұнын бұрмалайтын және оны біржақты түсінуге мүмкіншілік бермейтін мағыналық сәйкессіздікке Республика Конституциясының 7-бабы 2-тармағының мағынасын негізге алына отырып, практикада қолдануға жол берілмейді» деп бірнеше рет атап өтті (Конституциялық Кеңестің 2007 жылғы 23 ақпандағы № 3 қосымша қаулысы, Конституциялық Кеңестің 2020 жылғы 21 қаңтардағы № 1 нормативтік қаулысы).

5. Конституциялық Сот ҚПК-нің заң көмегін көрсетуге қатысты біркрат нормаларды заң техникасының қағидалары бұзыла отырып



(Соңы. Басы 8-бетте)

белгіленді, аумақтарды экологиялық жағынан сауықтыру қажеттігі және халыққа медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру іс-шаралары айқындалды.

Заңда ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен адамдарды әлеуметтік қорғау бойынша нақты шаралар да бекітілген. Заңда белгіленген шаралар сараланған сипатқа ие. Мәселен, Заңның 12-бабында көзделген біржолғы ақшалай өтемақы 1949 – 1990 жылдар аралығында экологиялық апат аймақтарында тұрған барлық азаматтарға беріледі. Заңның дау айтылып отырған 13-бабында көзделген шаралар ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен, әртүрлі дәрежедегі радиациялық қауіпті аймақ деп анықталған аумақтарда және жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақта қазіргі уақытта тұрып жатқан адамдар ғана қолданады. Тиісті жеңілдіктерді беру үшін тұратын жерін есепке алу әйелдерге, балаларға, жасөспірімдер мен олардың ата-аналарына қатысты Заңның 14-бабында да және әскери қызметшілер мен арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне қатысты 15-бабында да көзделген.

Заңды қабылдау кезінде мұндай сараланған тәсіл сол кезеңде экологиялық апат аймағында тұрған азаматтардың полигонда бұрын жүргізілген сынақтардың салдарынан қолайсыз факторлардың әсері бар жерде болуымен негізделді. Бұл, өз кезегінде, оларды әлеуметтік қолдау бойынша қосымша шараларды қажет етті. Қазіргі уақытта, өтінішті қарауға тартылған мемлекеттік органдардың және өзге де адамдардың дәлелдері мен пайымдарынан Заңда көрсетілген азаматтардың радиоэкологиялық ахуалдың әлдеқайда жақсарғаны және сынақтардан келтірілген зиянға баға беру, тұрау, еңбек ету, оқу жағдайларын сипаттау кезінде және тағы басқа кезде мұндай аумақтарда тұру фактісі ғана айқындаушы болып табылатынын түсінуге болады. Аумақтарды түрлі радиациялық қауіпті аймақтарға жіктеудің өзі Заң қабылданған кезегідей өзекті емес.

Сонымен бірге, конституциялық іс жүргізу барысында Заңда көрсетілген аумақтарды – радиациялық ластану тұрғысынан толығымен қолайлы, ал оларда тұрып жатқан адамдар осындай ластанудан жағымсыз экологиялық факторлардың әсеріне ұшырамаған деп тану үшін жеткілікті деректер ұсынылмады. Радиоэкологиялық жағдай тұрақты емес, барлық жерде бірдей емес және тұтастай алғанда егжей-тегжейлі зерттеу мен мониторингті қажет етеді. Заңға сәйкес аталған аумақтар осы уақытқа дейін экологиялық апат аймағы деп есептеледі.

Ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен, экологиялық апат аймағында тұрып жатқан адамдарға ғана қосымша жеңілдіктер беру формальді көзқарас тұрғысынан тең болу қағидатының бұзылуын растауы мүмкін. Алдайд, конституциялық тең болу қағидатын азаматтардың қандай да бір санаттарының түрлі мән-жайларын ескермей қолдануға болмайды. Бұл жағдайда тұрғындарға экологиялық ахуалдың қолайсыз әсері бар экологиялық апат аймағында тұратын жері осындай мән-жай болып табылады.

Заңда көрсетілген аймақтарда және одан тыс жерлерде тұрып жатқан зардап шеккен азаматтар әртүрлі уақыт аралығында әртүрлі дәрежеде тең емес жағдайларда болды және болуда, бұл нормативтік құқықтық актілерде оларға әртүрлі тәсілдерді алдын ала айқындайды. Заң шығарушы осындай тең емес жағдайлардағы адамдар үшін қорғаудың әртүрлі деңгейін белгілеуге құқылы. Әлеуметтік қорғау шаралары мен оларды ұсыну шарттарына сараланған тәсіл әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясат қағидаттарының бірі болып табылады (2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 3-бабы).

Бұл ретте мемлекет мынадай заңды мақсатты көздейді – осы уақытқа дейін қолайсыз қоршаған ортада болатын және басқа

адамдармен салыстырғанда жағымсыз факторлардың әсерінен зардап шегіп жүрген адамдарға қолдау көрсету. Заңның 13-бабының ережелері басқа адамдардың, оның ішінде ядролық сынақтардан зардап шеккендердің құқықтарын шектеу немесе өзгедей кеміту мақсатын немесе салдарын көздеймейді. Олар ақылға қонымды (қосымша қолдау қажеттігі) және объективті (тиісті аумақтарда тұратын адамдар үшін сақталатын қауіптер) өлшемшарттарға негізделген.

Бұл тұжырым халықаралық құқықтық құжаттардың ережелерімен үйлеседі. Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі комитетінің № 18 (1989) жалпы тәртіп ескертпесінде құқықтар мен бостандықтарды тең негізде пайдалану кез келген жағдайда бірдей қарауды білдірмейді деп көрсетілген. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде (бұдан әрі – Пакт) пайдаланылатын «кемітушілік» ұғымы мақсаты немесе салдары барлық адамдардың тең негізде барлық құқықтар мен бостандықтарды тануын, пайдалануын немесе жүзеге асыруын жою немесе кеміту болып табылатын кез келген айырмашылықты, алып тастауды, шектеуді немесе артықшылықты білдіреді деп түсіну керек.

Халықаралық соттар мен адам құқықтары жөніндегі органдардың прецеденттік практикасында қараудағы қандай да бір айырмашылық кемітушілік болып табымайды деп бірнеше рет көрсетілген болатын.

Қазақстан Республикасы құзыретін танытпн Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі комитетінің (оның ішінде Қазақстанға қатысты) пайымдарында Комитеттің құқықтық практикасы туралы айтылады, оған сәйкес Пактінің 26-бабында санамаланған белгілерге негізделген көз келген айырмашылық, егер ол ақылға қонымды және объективті өлшемшарттарға негізделсе және Пактіге сәйкес заңды болып табылатын мақсатты көздесе, кемісуішілік болмайды (CCPR/C/126/D/2311/2013). Осыған ұқсас тәсілдер Адам құқықтары жөніндегі еуропалық соттың практикасында да байқалады.

Заң шығарушының әлеуметтік қорғау саласында түрлі факторларға (мысалы, радиациялық әсердің ауқымы мен уақыты, аумақтардың радиациялық ластану деңгейі және оның организмге әсері, зақымданған аумақтарда жұмыс істеу, қызмет ету немесе оқу және басқалары) негізделген сараланған тәсілді қолдану құқығы ядролық сынақтар немесе техногендік ядролық авариялар мен апаттар салдарынан радиоактивті әсерге ұшыраған адамдарды әлеуметтік қорғау қажеттігіне тап болған басқа мемлекеттердің нормашығармашылық практикасында айқын байқалады.

3. Өтініштің нысанына ұқсас мәселелерді бұрын Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі басқа экологиялық қасірет аймағына қатысты қараған болатын («Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы») Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының конституциялылығын тексеру туралы» 2005 жылғы 29 сәуірдегі № 3 қаулы).

Конституциялық Сот Конституциялық Кеңестің осы қаулыда көрсетілген ұстанымдарына қосылды:

Негізгі Заңның 1, 12, 28, 29 және 31-баптарынан туындайтын денсаулыққа келтірілген зиянды өту құқығын тану және қамтамасыз ету мемлекеттің міндеті болып табылады. Экологиялық қасірет аймағында тұру және осындай аймақтағы азаматтардың денсаулығына зиян келтіру фактілері мемлекет пен азаматтар арасында конституциялық-құқықтық қатынастардың туындауына негіз болады, олардың шеңберінде соңғыларға келтірілген зиян үшін не оның келтірілу қаупі үшін әлеуметтік өтемақылар мен жеңілдіктер беруге кепілдік беріледі. Бұл ретте заң шығарушы оларды алудың нақты түрлері мен шарттарын айқындауға, сондай-ақ әлеуметтік тұрғыдан ақталған өлшемшарттар бойынша азаматтардың құқықтарына саралау жүргізуге құқылы;

азаматтарға әлеуметтік өтемақылар мен жеңілдіктерді

тұрғылықты жерін және денсаулықтан айырылуын қоса алғанда, түрлі өлшемшарттар бойынша саралау қоршаған ортаның зиянды факторлары мен олардың салдарының адамға әсер етуінің түрлі сипатымен байланысты және әлеуметтік тұрғыдан ақталған, негізделген және жол берілген болып табылады;

экологиялық қасірет аймағында тұратын адамдарды және одан кеткен адамдарды әлеуметтік қорғаудың әртүрлі деңгейі соңғыларын тұрғылықты жері бойынша кемсітуге әкеп соқпайды, өйткені халықтың аталған санаттарын қорғауға әлеуметтік негізделген тәсіл олардың конституциялық құқықтарын шектемейді (кемітпейді). Географиялық мағынасындағы тұрғылықты жері емес, қолайсыз өмір сүру ортасының адам денсаулығына әсері көрсетілген айырмашылықтың негізі болып табылады.

Сонымен қатар, Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен адамдарға қатысты әлеуметтік қауіптер көбінесе табиғи-климаттық факторларға байланысты, ал ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен адамдарға қатысты әлеуметтік қауіптер техногендік әсерге байланысты. Радиоактивті зақымданудан туындаған салдар тұратын жеріне ғана емес, көбінесе алынған сәулелену дозасына және тиісті зиянға байланысты және ұзақ уақытқа созылуымен сипатталады, бұл әлеуметтік қорғауды ұйымдастыру және тиісті құқықтық реттеу кезінде ескерілуге тиіс. Конституциялық Сот шетелдік заңнамада адамның белгілі бір сәулелену дозасын алуы және осындай сәулеленуден келтірілетін зиян ядролық сынақтардан немесе ядролық және радиациялық авариялардан зардап шеккен адамдарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсетуге негіз болатын тәсілдің бар екендігін атап өтеді.

4. Мемлекет бұрынғы Семей полигонына байланысты мәселелерге әлі де назар аударып келеді. Бұған Қазақстан Республикасында ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, сондай-ақ полигон аумағын оңалтудың жаңа тәсілдері көзделетін «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» 2023 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануы дәлелі. Ядролық сынақтардан зардап шеккендерге берілетін жеңілдіктер мәселелері «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексімен (Салық кодексі), 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексімен, «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңымен, басқа да заңдармен және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілермен де реттеледі.

Қазақстанның халықаралық шарттар шеңберінде де тиісті міндеттемелері бар. 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған 2017 жылғы 7 шілдедегі Ядролық қаруға тыйым салу туралы шарттың 6-бабының 1-тармағына сәйкес әрбір қатысушы мемлекет халықаралық гуманитарлық құқықтың және адам құқығы құқықтарының қолданылатын нормаларына сәйкес ядролық қаруды қолданудан немесе сынаудан зардап шеккен, оның юрисдикциясындағы адамдарға жас және гендерлік факторларды ескере отырып, кемісуішіліксіз, медициналық көмекті, сауықтыру және психологиялық қолдауды қоса алғанда, тиісті түрде көмек көрсетеді, сондай-ақ әлеуметтік және экономикалық интеграцияны қамтамасыз етеді.

Конституциялық Сот заң шығарушы бірқатар ұстанымдар бойынша ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен адамдарға қатысты әлеуметтік кепілдіктер деңгейін біртіндеп төмендетіп отырғанын, бұл төлемдерді айлық есептік көрсеткішпен (ен төмен жалақының орнына) байланыстырып есептеуге көнше, қосымша стипендиялар төлеу мен басқа да жеңілдіктер туралы ережелерді алып тастауда көрініс тапқанын атап өтеді.

Заңның 13-бабының жекелеген ережелерінің күші экологиялық апат аймағында тұрып жатқан көптеген азаматтарға:

дара кәсіпкерлерге, жеке практикамен айналысатын адамдарға, тәуелсіз жұмыскерлерге қолданылмайды. Бұдан басқа, Заңның 13-бабында көзделген төлемдер бойынша жүктемені мемлекет қана емес, сол сияқты айтарлықтай шамада жұмыс берушілер – мемлекеттік емес субъектілер де көтереді, бұл баптың мазмұны негізге алынып, зардап шеккен азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету үшін жауапкершіліктің пропорционалды бөлінбегенін көрсетеді.

Конституциялық Сот Заңның кейбір ережелерінде (2, 10, 12 – 15-баптар) әлеуметтік қорғауды алушыларды дәлме-дәл айқындауға мүмкіндік бермейтін сәйкессіздік бар екенін, бұл әртүрлі құқық қолдану практикасына алып келетінін атап өтеді.

Семей полигонынан сақталып отырған келенсіз салдарды ескере отырып, Конституциялық Сот ядролық сынақтардан зардап шеккен азаматтарды (осы азаматтардың ұрпақтарын қоса алғанда) әлеуметтік қорғау шараларын күшейтуді қажет деп есептейді, бұл Конституцияда жария етілген әлеуметтік мемлекеттің сипаттамасына сәйкес келетін болады, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру құқығы, денсаулықты сақтау құқығы, өмір сүру мен денсаулыққа қолайлы айналадағы ортаны қорғау туралы конституциялық ережелерді іске асыруға ықпал ететін болады (Конституцияның 28, 29 және 31-баптары). Әлеуметтік қорғау шараларын күшейту көрсетілетін көмек түрлерін де, оның көлемін, мөлшерін, сондай-ақ алушылар аясын да кеңейтуді көздейді.

Зақымдалған аумақтардағы қазіргі радиоэкологиялық ахуалды, ондаушы сәулеленудің әсеріне ұшыраған, осы аумақтарда да, одан тыс жерлерде де тұратын балық үшін медициналық салдарды, сондай-ақ әлеуметтік, экологиялық, демографиялық, медициналық және өзге де факторларды ескере отырып, зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау мәселелерінде жаңа қағидаттар мен тәсілдер зерделеніп, ұсынылуға тиіс.

Осы жазылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 3-тармағын және 74-бабының 3-тармағын, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабы 4-тармағының 3) тармақшасын, 55–58, 62-баптарын және 65-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

қаулы етеді:

1. «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының осы нормативтік қаулыда жазылған ұстанымдарын ескере отырып, ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

3. Осы нормативтік қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағым жасалуға жатпайды.

4. Осы нормативтік қаулы заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басшыларында, құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесінде және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

ӨНІР ӨМІРІ

Жамбылда 10 су қоймасы салынады

Кейінгі жылдары тіршілік нәрінің тапшылығы еліміздің қай қиырында болсын өзекті мәселеге айнала бастағаны мәлім. Тіпті ғалымдар алдағы уақытта ағын су тапшылығы ғаламдық деңгейдегі проблемаға айналуы ықтимал екенін жиі айтып жүр. Сол үшін де өңірлерде өткір мәселені жедел шешудің маңызы зор.



Табиғат МҰСЫЛМАНҚҰЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Ағын су мәселесін онтайлы реттеудің жолдарын бүгіннен бастап қарастыру керек. Өңір басшысы Ербол Қарашөкеевтің кейінгі күндері ағын су проблемасын шешудің балама тетіктерін табуға айрықша назар аударуы сөзсімізге дәлел болса керек. Өйткені шілінгір шілде кезінде дикандар ағын судан тарықпауы қажет. Биыл орын алған олқылық келесі жылы қайталанбауға тиіс.

Жергілікті атқарушы билік өңірдегі су тапшылығын жою жұмыстарына мықтап кірісе бастады. Нақтырақ айтар болсақ, Жамбыл облысында су жүйелерін қалпына келтірудің жол картасы әзірленді. Жол картасы аясында 2023-2025 жылдары өңірдегі 257 су шаруашылығы нысанына қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізуге айрықша басымдық берілмек. Бұл жұмыстарды өңір басшысы тікелей өз бақылауына алмақ.

Әзірленген жол картасына сәйкес өңірде атқарылатын жұмыс ауқымы орасан зор. Облыс әкімінің салаға жауапты орынбасары Қанатбек Мәдібектің айтуынша, бүгінге дейін 257 нысанның 56-сына жобалық-сметалық құжаттама сараптаманың қорытындысына сәйкес дайындалып қойған. Бұдан бөлек, 113 каналдың сметалық құжаттары әзірленіп жатыр. Бұл жұмыстар осы жылдың соңына дейін аяқталады.

Өңірдегі 257 су шаруашылығы нысанын қалпына келтіру, әрине, онай шаруа емес. Табанды еңбек пен жанкештілікті қажет ететін жұмыс. Деректерге сенсек, бұл жұмыстарды толық аяқтау үшін қазынадан 40 млрд теңге шамасында қаражат керек. Жергілікті атқарушы билік осы мәселені шешуге белсене кіріспек.

«Өңірдегі жұмыстар жол картасына сәйкес жүргізілуі тиіс. Жетіспейтін суды қосымша су көздері арқылы қамтуды көздеп отырған жайымыз бар. Бірінші кезекте су тапшылығы бар аудандар назарымызда болады. Өлгиндей санаттағы аудандарда жерасты суын алу үшін 646 ұңғыма қазу жоспарланып отыр. Қазіргі кезге дейін 103 ұңғыма қазылып, 3,8 мың гектар алқапқа су жеткізілді. Сонымен қатар жергілікті бюджет есебінен сыйымдылығы 5,3 млн текше метрді құрайтын 10 жаңа су қоймасын салу көзделген. Бүгінгі таңда 3 су қоймасының құрылыс жұмыстары басталды», дейді өңір басшысының орынбасары Қ.Мәдібек.

Өңірге арнайы жұмыс сапарымен келген кезде Премьер-министр Әлихан



қойып отыр. Деректерге сенсек, осы күнге дейін өңірдегі суармалы судың 85 пайызы Қырғыз Республикасынан келетін болған.

«Ағын суға тәуелділікті азайту үшін 2019 жылдан бастап облыстың 6 ауданында халықаралық банктер несиесі есебінен 69 мың гектар алқапта жалпы құны 40 млрд теңгені құрайтын 2 жоба жүзеге асырылып жатыр. Сол жобалардың әкімшісі су ресурстары комитетінің «Қазушар» мекемесі екені белгілі. Бүгінде жоба аясында 20,5 млрд теңге игеріліп, 33,9 мың гектар суармалы алқапқа су жеткізу көрсеткіші жақсарды. Сонымен қатар республикалық бюджет есебінен жанадан 3 су қоймасын салу және 1 гидрологиялық бекетті қайта жаңғырту көзделіп отыр. Бүгінгі таңда «Ақмола», «Ырғайты» және «Қалғұты» су қоймаларының құрылысына арналған жобалық-сметалық құжаттаманы дайындау үшін республикалық бюджеттен 243,4 млн теңге қаражат бөлініп, тиісті құжаттары әзірленіп жатыр.

Сарысу ауданындағы «Ынталы» су қоймасынан қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу үшін республикалық бюджеттен 761 млн теңге бөлінді. Сондай-ақ Жуалы ауданында орналасқан «Теріс-Ащыбұлақ» және Қордай ауданындағы «Қарақоңыз» су қоймаларында қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізуге республикалық бюджеттен жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеуге 92,7 млн теңге қарастырылды.

Бұдан бөлек, «Тасөткел» су қоймасында 2020 жылдан бастап қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жалпы, сметалық құны 3,2 млрд теңгені құрайтын су қоймасындағы жұмыстардың 60

пайызы аяқталды. Сондай-ақ «Жасөркен» гидробекетін қалпына келтіру мақсатында Үкімет резервінен тиісті қаражат бөлінді, құрылыс жұмыстары басталды», дейді облыс әкімінің орынбасары.

Жалпы алғанда өңірдегі су қоймаларының денін қайта жаңғыртудан өткізетін уақыт келіп жеткені анық. Қалай десек те шілінгір шілдеде ағын судың азабын тартқан шаруалар алдағы жылы мұндай қиындықты бастан өткізбеуі керек.

Өңір басшысының орынбасары облыста он бірдей жаңа су қоймасы салынатынын айтып отыр. Жаңадан салынатын су қоймаларының мүмкіндігі қандай? Жалпы, өңірдегі су қоймалары мен бөгеттерге жөндеу жұмыстары уақытылы жүргізіліп тұра ма? Облыстағы қоймалар қандай мақсатта пайдаланылып жатыр? Бұл сауалдарға облыс әкімдігі табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Олжас Баққараев жауап берді.

«Облыс әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына қарасты «Жамбыл су қоймалары» мекемесінің теңгерімінде жалпы саны 113 су қоймасы мен бөгеттер тіркелген. Оның 76-сы су қоймасы болса, 37-сі бөгеттер санатына жатады. Жалпы алғанда 113 су қоймасының жобалық сыйымдылығы 136,6 текше метрді құрайды. Осы жылдың вегетациялық кезеңінде су қоймаларында 100,5 млн текше метр су жиналды. 15 қыркүйектегі дерекке зер салсақ, нақты қалған су көлемі – 27,3 млн текше метр. Жоғарыда айтып өткен су қоймаларының 42-сі егін шаруашылығына пайдаланылса, 27-сі балық және егін шаруашылығына, 14-і

балық шаруашылығы үшін пайдаланылып жатыр. Сондай-ақ бесуей егістік алқап пен балық шаруашылығында қолданбайтын су қоймалар санатына жататынын да айта кеткен жөн. Бұдан бөлек, 24 су қоймасы өзектерді сумен қамтамасыз етуге, ал бір қойманы экологиялық мақсатта пайдаланып жүрміз», дейді облыс әкімдігі табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Олжас Баққараев.

Басқарма басшысы келтірген дерекке сүйенсек, су тасқынының алдын алу, егіс алқаптарын дер кезінде сумен қамтамасыз ету мақсатында су қоймаларын жөндеу жұмыстары жыл сайын белгіленген жоспарға сәйкес жүргізіледі. Ал осы жылы жергілікті бюджет есебінен басқармаға қарасты 13 су қоймасын қайта жаңғырту жұмыстары қолға алынған. Оның бірқатарында жұмыс дер кезінде аяқталған.

«Бүгінгі таңда 10 су қоймасында жөндеу жұмыстары аяқталды. Қалған 3 су қоймасында, нақтырақ айтар болсақ, Меркі ауданындағы «Акермен-2», Талас ауданындағы «Қазқбай», «Қарашатта» жөндеу жұмыстары кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар өңірде жергілікті бюджет есебінен сыйымдылығы 5,3 млн текше метрді құрайтын 10 жаңа су қоймасын салу жоспарланып отырғаны белгілі. Қазіргі таңда Андас-1, Андас-2, Андас-3 су қоймаларының құрылысы басталды. Жұмыс жоспарға сәйкес жүріп жатыр», дейді О.Баққараев.

Басқарма басшысының айтуынша, салынуда тиіс қалған 7 су қоймасының жер учаскесінің құжаттарын рәсімдеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы 7 жаңа су қоймасының бесуей – Тұрар Рысқұлов ауданында, біреуі – Байзақ, біреуі Меркі ауданында салынады екен.

«Су кодексінің қағидаларына сәйкес теңгерімдегі 10 су қоймасына конфакторлы зерделеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстарды жүргізу үшін осы жылы облыстық бюджеттен 59,5 млн теңге бөлінді. Одан бөлек, теңгерімге қабылданған «Жасөркен» гидрологиялық бекетіне Үкімет резервінен 405,2 млн теңге қаражат бөлініп, қазіргі уақытта күрделі жөндеу жұмыстары басталды», дейді басқарма басшысы.

Биыл орын алған құрғақшылық алдағы уақытта қайталанбауы керек. Өңір басшысы Е.Қарашөкеев те бұл мәселеге айрықша назар аударып отыр. Облыс әкімі тамшылатып және жанбырылатып суарылатын алқаптың көлемін арттыру қажеттігін айтып та жүр. Соңғы деректерге сенсек, өңірдегі су үнемдеу технологиялары енгізілген алқап 2021 жылы 40 мың гектар болса, осы жылы 57,2 мың гектарға жеткен.

Қалай десек те облыста ағын су мәселесін шешу жолында бірқатар жұмыстың қолға алынғаны анық. Енді жаңадан салынатын су қоймалары уақытылы аяқталса, дикандар үшін басты қуаныш сол болмақ.